

Салымшыларға алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін "
Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамына бюджеттік
кредит берудің негізгі шарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 6 қарашадағы № 711 қаулысы.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 180-бабының 2-тармағына, "2017 – 2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" 2016 жылғы 29 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабына және "Нұрлы жер" тұрғын үй құрылысы бағдарламасын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер және толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 желтоқсандағы № 922 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған салымшыларға алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамына бюджеттік кредит берудің негізгі шарттары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы, Инвестициялар және даму министрліктері заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамымен кредиттік шарт жасасуды;

2) кредит берудің негізгі және қосымша шарттарының орындалуын бақылауды;

3) бюджеттік кредиттің нысаналы және тиімді пайдаланылуын, уақтылы өтелуі мен оған қызмет көрсетілуін бақылауды және мониторингтеуді қамтамасыз етсін.

3. "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамы (келісім бойынша) тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Қаржы, Инвестициялар және даму министрліктеріне кредиттің игерілуі туралы ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 6 қарашадағы
№ 711 қаулысымен
бекітілген

Салымшыларға алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамына бюджеттік кредит берудің негізгі шарттары

1. "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамына (бұдан әрі – қарыз алушы) бюджеттік кредит беру үшін мынадай негізгі шарттар белгіленеді:

1) **бюджеттік кредит қарыз алушыға "2017 – 2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" 2016 жылғы 29 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңында 231 "Алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамына бюджеттік кредит беру" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген 8000000000 (сегіз миллиард) теңге сомасында беріледі;**

2) бюджеттік кредит қарыз алушыға мерзімділік, ақылылық және қайтарымдылық шарттарында 20 (жиырма) жыл мерзімге жылдық 0,15 %-ға тең сыйақы мөлшерлемесі бойынша теңгемен беріледі;

3) республикалық бюджеттен кредитті бөлу қарыз алушының **корреспонденттік** шотына бюджеттік кредиттің барлық сомасын біржолғы аудару жолымен жүзеге асырылады;

4) игеру кезеңі қарыз алушының **корреспонденттік** шотына бюджеттік кредит аударылған күннен бастап **17 (он жеті) жылды құрайды;**

5) **бюджеттік** кредит бойынша есептелген сыйақыны төлеу жылына 2 (екі) рет жүзеге асырылады (есептелген сыйақының алғашқы төлемі қарыз алушының **корреспонденттік** шотына **бюджеттік** кредит аударылған күннен бастап 6 (алты) ай өткен соң жүргізіледі);

6) **бюджеттік кредит бойынша негізгі борышты өтеуді қарыз алушы 80 (сексен) айды құрайтын жеңілдік кезеңі өткен соң қарыз алушының корреспонденттік шотына бюджеттік кредит аударылған күннен бастап жыл сайын 1000000 (бір миллион) теңге мөлшерінде тең үлестермен жүзеге асырады (осы шарттардың 2) тармақшасында көзделген кредиттің мерзімі аяқталуы бойынша негізгі қарыздың қалған сомасын өтеу біржола жүзеге асырылады);**

7) бюджеттік кредит берудің мақсаты қарыз алушының "Нұрлы жер" тұрғын үй құрылысы бағдарламасына қатысушыларға алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беруі болып табылады, бұл ретте сыйақының түпкілікті мөлшерлемесі жылдық 5 (бес) пайыздан аспауға тиіс.

2. Бюджеттік кредитті беру, өтеу және қызмет көрсету бойынша қосымша шарттар Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес кредиттік шартта белгіленеді.

